

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 24 қаңтардағы
№ ДС-19 сауалға

Құрметті депутаттар!

Ағымдағы жылдың көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (бұдан әрі – АШТӨ) тұқыммен қамтамасыз етуге қатысты

Бүгінгі таңда жоспар 2,4 млн тонна болғанда 2,2 млн тонна тұқым немесе 93% толтырылды, оның ішінде астық бойынша жоспар 2 млн тонна болғанда 1,8 млн. тонна немесе 91% толтырылды.

Бұдан басқа, көктемгі егіс жұмыстарында АШТӨ-ні қолдау жөніндегі іс-шаралар шеңберінде «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – *Азық-түлік корпорациясы*) азық-түлік бидайын тұқым ретінде сатуға кірісті.

Анықтама: сату тек астық өндірушілерге себу нормасы есебінен жүзеге асырылады-1 гектар егістікке 130 килограмм, сату көлемі – 400 мың тоннаға дейін.

Сондай-ақ ағымдағы жылға облыстардың жергілікті бюджеттерінде тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға 12,8 млрд теңге қарастырылған.

Қалыптасқан ауа райы жағдайларын ескере отырып, негізгі астық егетін өңірлерде тұқым материалдарының партияларын өңдеу, қалыптастыру және сараптау бойынша жұмыстар жалғасуда.

Бұл ретте АШТӨ-ні мемлекеттік қолдау шеңберінде азық-түлік бидайын тұқым ретінде Азық-түлік корпорациясынан 2024 жылғы форвардтық сатып алу бағдарламасы бойынша алынған аванстық төлемдер есебінен сатып алуға жол беріледі.

Дизель отынының құнын субсидиялауға, сондай-ақ жем дайындауға дизель отынын бөлуге қатысты

АШТӨ-ні мемлекеттік қолдау мал шаруашылығындағы, өсімдік шаруашылығындағы және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеудегі өндірістік процестердің кең спектрін қамтиды. Аралық шығындар да, өндірістің түпкілікті нәтижесі де (*тұқымдар, тыңайтқыштар (өсімдіктерді қорғау құралдары), мал әкелу, өндірілген сүт, ірімшік және майлы дақылдар*) субсидияланады.

Сондай-ақ инвестициялық субсидия және кредиттер мен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау сияқты қаржы құралдарының кешені бар, олар барлық субсидиялар бюджетінің 50 % - дан астамын құрайды.

Сонымен қатар, қолданыстағы субсидиялау бағдарламалары бойынша қаражаттың тапшылығы сезіледі, осыған байланысты АШТӨ-нің дизель отынын сатып алу шығындарын субсидиялау неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеуді талап етеді.

Бұдан басқа, азық дайындауға дизель отынын бөлу шеңберінде ауыл шаруашылығы министрлігі өңірлердің топырақ-климаттық жағдайларын және орындалатын ауыл шаруашылығы жұмыстарының түрлерін ескере отырып, аграрлық бейіндегі ғылыми ұйымдардың ұсынымдарын негізге ала отырып, көктемгі-егістік және егін жинау жұмыстарын жүргізуге дизель отыны шығысының базалық нормативтерін белгілеу бөлігінде тиісті қағидаларға өзгерістер жобасын әзірледі, ол мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың келісуде.

Бұл ретте, дақылдар түрлері мен ауыл шаруашылығы жұмыстарының түрлері бойынша (*оның ішінде жемшөп дайындауға*) 1 гектарға арналған дизель отыны шығысының нормативтері дизель отынын бөлудің ақпараттық жүйесінде қосымшада орналастырылатын болады.

«Кең Дала» бағдарламасын қаржыландыру көлемін ұлғайтуға қатысты

«Кең Дала» бағдарламасы аясында АШТӨ-ні қаржыландыру 2 есеге, 70 млрд теңгеден 140 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Алайда, бүгінгі күні бюджеттің шектелуіне байланысты осы бағдарламаны қаржыландыруды қосымша ұлғайту мүмкін емес.

Бұл ретте, ағымдағы жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ны одан әрі қаржыландыру үшін 2024 жылғы республикалық бюджеттен ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке сатып алуды қаржыландыру үшін 100 млрд теңге мөлшерінде соңғы қарыз алушы үшін 6 %-дан аспайтын жеңілдікті мөлшерлеме бойынша қаражат бөлу жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде.

Бұдан басқа, ағымдағы жылы Азық-түлік корпорациясының жарғылық капиталын толықтыруға 40 млрд теңге бөлінді, бұл ретте республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде қосымша 30 млрд теңге бөлу туралы мәселе қаралатын болады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес саланы кредиттеуге, оның ішінде бюджеттен тыс қаражатты тартуға қосымша қаражат тарту мәселелері пысықталуда.

Субсидиялар бойынша берешекті өтеуге қатысты

Өткен жыл фермерлер үшін қиын болғанын ескере отырып, субсидиялау қажеттілігін жабу туралы шешім қабылданды..

Өсімдік шаруашылығын субсидиялауға 30 млрд теңге және мал шаруашылығына 30 млрд теңге, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемені және инвестициялық субсидияларды субсидиялауға 4,3 млрд теңге бөлінді.

Сонымен қатар, бюджеттің шектелуіне байланысты ағымдағы жылы қалған 30 млрд теңгені бөлу республикалық бюджетті нақтылау кезінде пысықталатын болады.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын көрсету мәселелері пысықталуда.

Жалпы, жоғарыда аталған барлық мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

С. Жұманғарин